ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2023 жылғы 26 қазан №7119-23-00-2/10452 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Ж.Ж.Нұрғалиева
сот отырысының хатшысы Шайкен Ә.
қатысуымен ашық сот отырысында электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«ASPAN&DALA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану,
2) тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Куйшибаева А.И.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Тараптар арасында 2023 жылғы 24 шілдеде мемлекеттік сатып алулар веб-порталы арқылы жалпы сомасы 22 330 400 теңгеге мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған (бұдан әрі – шарт).

Шарттың № 2 қосымшасына сай жауапкер тауарды (вакуум аппарат) 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге тиіс болған.

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу талап талабымен жүгінген. Оның негізіне, жауапкер шарттың талаптарын орындамағанын көрсеткен.

Соттың отырысында талапкердің өкілі шарттың талаптарына сәйкес өзінің міндеттемесін орындамауына байланысты талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 02.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 26.12.2023, судья Нұрғалиева Ж. Д., 23.01.2024
7119-23-3-1/10219

Сот отырысының орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғанымен жауапкер сотқа келмеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекісінің (бұдан әрі – АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды мүмкін деп санайды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Заңның 38-бабының 4-тармағына сай әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Шарттың № 2 қосымшасына сай жауапкер тауарды 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге тиіс болған, бірақ тауарды жеткізбеген.

Сол себептен шарт 28 тамызды 2023 ж. бұзылды.

Жауапкердің баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуы және жеңімпаз болып табылуы оның мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптарын орындауға міндетті екенін білдіреді.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда тараптар мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

Мұндай жағдайларда, сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемені орындамаған деген қорытындыға келеді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

№2 талабы бойынша.

АК-нің 293-бабында борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 02.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 26.12.2023, судья Нұрғалиева Ж. Д., 23.01.2024
7119-23-3-1/10219

белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады деп көзделген.

Сондықтан, талап қоюшы шарттың 7.3-тармағына сәйкес жауапкер шарттағы өз міндеттемелерін тиісінше орындамағаны үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде, яғни 357 286 теңге тұрақсыздық айыбын өндіріп алуды сұрайды.

22 330 400*0,1%*16 күн (2023 жылғы 10 тамыздан 25 тамызға дейін) = 357 286 теңге.

Сот, талап қоюшының тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюын заңды, негізді деп санап, қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-баптарына сәйкес, жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж өндіріп алынуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «ASPAN&DALA» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талабы – қанағаттандырылсын.

«ASPAN&DALA» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«ASPAN&DALA» ЖШС мемлекет кірісіне 1 725 (бір мын жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«ASPAN&DALA» ЖШС-нен "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны пайдасына 357 286 (үш жүз елу жеті мың екі жүз сексен алты) теңге сомасында тұрақсыздық айыбын, 10 719 (он мың жеті жүз он тоғыз) теңге сомасында мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат келтіруі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 02.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 26.12.2023, судья Нұрғалиева Ж. Д., 23.01.2024
7119-23-3-1/10219

Судья **Ж. Нұрғалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нұргалиева Ж. Д., 02.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 26.12.2023, судья Нұргалиева Ж. Д., 23.01.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»